

Тікелей су объектілерінде орналасқан су шаруашылығы құрылыштарын пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 19-4/294 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 28 шілдеде № 11775 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 9 маусымдағы № 117-НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің 09.06.2025 № 117-НҚ (10.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 37-бабы 1-тармағының 7-7) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Тікелей су объектілерінде орналасқан су шаруашылығы құрылыштарын пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он құнтізбелік күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

Ә. Иsekeshov

2015 жылғы

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
_____ Е. Досаев

2015 жылғы

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
_____ К. Қасымов

2015 жылғы

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі
_____ В. Школьник

2015 жылғы

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 31 наурыздағы
№ 19-4/294 бұйрығымен
бекітілген

Тікелей су объектілерінде орналасқан су шаруашылығы құрылыштарын пайдалану қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тікелей су объектілерінде орналасқан су шаруашылығы құрылыштарын пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 37-бабының 7-7) тармақшасына сәйкес әзірленген және тікелей су объектілерінде орналасқан су шаруашылығы құрылыштарын (бұдан әрі – су шаруашылығы құрылыштары) пайдалануды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ағымдағы жөндеу – тірек элементтерді қоспағанда, су шаруашылығының құрылыштары конструкциясының жекелеген элементтерін ауыстыруды немесе қалпына келтіруді көздейтін жұмыстар кешені;

2) бассейндік су шаруашылығы басқармалары (бұдан әрі – бассейндік басқармалар) – уәкілетті органның облыстарда бөлімдері бар негізгі міндеті тиісті бассейн аумағында су қорын пайдалану мен қорғау саласында мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру болып табылатын өнірлік органдары (екі және одан да

көп облыстардың аумақтарында олардың қызметі жүзеге асырылады және оның өкілеттіктері қолданылады);

3) жобалау ұйымы – объектіні (құрылышты) жобалаған кәсіпорын немесе тиісті объектілерді (құрылыштарды) жобалау жөніндегі мамандандырылған кәсіпорын;

4) жөндеу – су шаруашылығы құрылыштарының жарамдылығын қалпына келтіру жөніндегі жұмыстар кешені (жөндеудің түрлері ағымдағы жөндеу мен күрделі жөндеу болып табылады);

5) күрделі жөндеу – су шаруашылығы құрылыштарының конструкциясының кез-келген элементтерін, оның ішінде тірек элементтерін ауыстыруды немесе қалпына келтіруді көздейтін жұмыстар кешені;

6) қалыпты пайдалану – су шаруашылығы құрылыштарын оның жобалық параметрлеріне сәйкес пайдалану;

7) нақты тозу – механикалық тозудың, коррозияның, деформациялар мен қираудың салдарынан су шаруашылығы құрылыштарының жобада белгіленген езінің параметрлерін біртіндеп жоғалтуы;

8) пайдалану – су шаруашылығы құрылыштарының мақсаты бойынша пайдаланылатын, жарамды жай-күйде ұсталатын және құрылыш жобасында белгіленген бастапқы параметрлерді алғанға дейін қалпына келтіріletіn тіршілік циклының сатысы (пайдалану құрылышты мақсаты бойынша пайдалануды және оны техникалық пайдалануды қамтиды);

9) пайдалану режимі – құрылыш жобасында айқындалатын немесе су шаруашылығы құрылыштарын пайдалану процесінде белгіленген параметрлері бар су шаруашылығы құрылыштарын мақсаты бойынша пайдалану қарқындылығы;

10) пайдалану шарттары – су шаруашылығы құрылыштарында пайдалану кезінде оған әсер ететін факторлар жиынтығы;

11) пайдаланудан шығару – су шаруашылығы құрылыштарының тағайындалуы бойынша одан әрі пайдалану мен жөндеудің мүмкін еместігін немесе тиімсіздігін тіркейтін және белгіленген тәртіппен құжаттамалық ресімделген оқиға;

12) пайдалануға енгізу – су шаруашылығы құрылыштарының мақсаты бойынша пайдалануға дайындығын тіркейтін және белгіленген тәртіппен құжаттамалық ресімделген оқиға;

13) реконструкциялау – су шаруашылығы құрылыштарының параметрлерін қалпына келтіру, жақсарту немесе жаңа пайдалану режимі кезінде оның мақсаттарын өзгерту жөніндегі жұмыстар кешені;

14) су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – елді мекендер шегінен тыс

жерлерде су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы басқару мен бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

15) су объектісі – шекарасы, көлемі мен су режимі бар құрлық беті бедерлеріндегі және жер қойнауындағы судың жинақталуы. Олар: теңіздер, өзендер, соларға теңестірілген каналдар, көлдер, мұздықтар және басқа да жер үсті су объектілері, жер асты сулары бар жер қойнауының бөліктері;

16) су шаруашылығы құрылыштары – су ресурстарының пайдаланылуы мен қорғалуын реттеу, сумен жабдықтау, суды бұру және судың зиянды әсерін жою мақсатында жасанды құрылған гидротехникалық құрылыштар мен құрылғылар;

17) техникалық жай-күй – су шаруашылығы құрылыштарының пайдалану процесінде өзгеріске ұшыраған, белгілі бір уақыт кезеңінде қадағалау арқылы анықталған белгілермен сипатталатын параметрлер жиынтығы (техникалық жай-күй түрлері су шаруашылығы құрылыштарының жарамдылығы және жарамсыздығы болып табылады);

18) техникалық қызмет көрсету – су шаруашылығы құрылыштарын мақсаты бойынша пайдалану кезінде оларды жарамды күйде ұстау жөніндегі операциялар кешені.

3. Су шаруашылығы құрылыштарын техникалық пайдалану:

1) су шаруашылығы құрылыштарының пайдалану режимін белгілеумен және оны сақтаумен;

2) су шаруашылығы құрылыштарына техникалық қарап-тексеру, оларға қызмет көрсету және зерттеп-қарау жүргізумен;

3) жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын қажетті көлемде уақтылы жүргізумен;

4) аса маңызды су шаруашылығы құрылыштарын реконструкциялауды және жөндеуді жаңа құрылышпен байланыстыра және үйлестіре отырып, перспективалы жоспарлаумен;

5) су шаруашылығы құрылыштарын реконструкциялаумен, ағымдағы және күрделі жөндеумен;

6) су шаруашылығы құрылыштарының қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ететін нұсқаулықтар мен басқа да құжаттарды сақтаумен;

7) су шаруашылығы құрылыштарына қызмет көрсететін білікті персоналдың болуымен;

8) су шаруашылығы құрылыштарының техникалық жай-күйі мен пайдаланылу режимінің өрт қауіпсіздігінің, санитарлық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормалардың талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заннамасында су шаруашылығы құрылыштарына белгіленген еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптарына сәйкестігімен қамтамасыз етіледі.

4. Су шаруашылығы құрылыштарын пайдалануды жеке және заңды тұлға (бұдан әрі – меншік иесі) жүзеге асырады.

2. Су шаруашылығы құрылыштарын пайдалану тәртібі

5. Су шаруашылығы құрылыштарын пайдалану режимі олардың жобалық сипаттамаларына, нақты жай-қүйіне, пайдалану шарттарына, олардың қызмет ету мерзіміне және әрбір су шаруашылығы құрылышының мақсатына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Су шаруашылығы құрылыштарын пайдалану режимінің өзгертілуі үш жұмыс күні ішінде бассейндік басқарманы хабардар ете отырып, меншік иесінің иелік ету құжатымен ресімделеді.

7. Су шаруашылығы құрылышын пайдаланудан шығарған кезде меншік иесі үш жұмыс күні ішінде бассейндік басқармаға бұл туралы хабарлайды. Су шаруашылығы құрылыштарын пайдаланудан шығару меншік иесі құратын жұмыс комиссиясының қорытындысы бойынша жүргізіледі және су шаруашылығы құрылышын пайдаланудан шығару қажеттігі туралы актімен ресімделеді.

Жұмыс комиссияның құрамына жергілікті атқарушы органдардың, уәкілетті орган ведомствосының, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның, жобалаушы ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері кіреді.

8. Су шаруашылығы құрылыштарын пайдалану процесінде техникалық құжаттама жүргізіледі, оның тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшада келтірілген.

9. Салу, реконструкциялау немесе күрделі жөндеу аяқталғаннан кейін су шаруашылығы құрылыштарын пайдалануға қабылдау (енгізу) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 11-тaraуына сәйкес жүргізіледі.

10. Су шаруашылығы құрылыштарын салу, реконструкциялау, күрделі жөндеу және пайдалануға енгізу жөніндегі барлық құжаттамалар су шаруашылығы құрылышының меншік иесінде сақталады.

11. Су шаруашылығы құрылыштарын пайдаланатын меншік иесі су шаруашылығы құрылыштарын пайдалану режимін сақтауды қамтамасыз етеді.

12. Су шаруашылығы құрылыштарын пайдаланудың белгіленген режиміне өзгерістер енгізу су шаруашылығы құрылыштарына жүйелі түрде байқау нәтижелерінің және оларды пайдалану шарттарының өзгергені туралы деректердің негізінде жүргізіледі.

13. Су шаруашылығы құрылыштарын пайдалану жабдықтардың жұмысы кезінде және гидрометеорологиялық факторлар әсер еткен кезде су

шаруашылығы құрылыштарының қауіпсіздігін, сақталуын және олардың беріктігін арттыруды қамтамасыз етеді.

Су шаруашылығы құрылыштарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету шарттарының бірі табиғи немесе техногендік сипаттағы апаттарды немесе төтенше жағдайларды болдырмау жөніндегі шұғыл шараларды қабылдау және алдын алу іс-шараларын жүргізу үшін төмендетілмейтін резервті (жабдықтар, бұйымдар, тораптар, бөлшектер мен құрылыш материалдары) құру болып табылады.

Меншік иесі су шаруашылығы құрылыштарын пайдалану шарттарына және су шаруашылығы құрылыштарының конструкциялық ерекшеліктеріне байланысты төмендетілмейтін резерв көлемін белгілейді.

14. Су шаруашылығы құрылыштарын қалыпты пайдалануға кедергі келтіретін немесе құрылыштың жекелеген элементтерінің қирауына әкеп соғатын табиғи тозған су шаруашылығы құрылыштарын пайдалануға рұқсат етілмейді.

15. Барлық су шаруашылығы құрылыштары олар үшін белгіленген пайдалану жүктемелері нормаларын қатаң түрде сақтай отырып пайдаланылады.

16. Су шаруашылығы құрылыштарының жүктемелер белгіленген нормалардан тыс ұлғайтуға рұқсат етілмейді. Су шаруашылығы құрылыштарын пайдалануды жүзеге асыратын меншік иесі су шаруашылығы құрылыштарына рұқсат берілетін жүктемелер нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді.

17. Су шаруашылығы құрылыштарына арналған пайдалану жүктемелерінің нормалары құрылыштың конструкциялық элементтерінің нақты жай-күйін және оның қызмет ету шарттарының жобалау және салу кезінде алғаш қабылданған шарттарға сәйкестігін ескере отырып, ұдайы қайта қаралады және әрбір су шаруашылығы құрылыштары үшін белгіленеді. Пайдалану жүктемелері нормаларын қайта қарауды жобалау ұйымының зерттең-қараудан кейінгі ұсынымдары негізінде меншік иесі жүргізеді.

18. Су шаруашылығы құрылыштарының пайдалану шарттары мен олардың жай-күйі өзгерген жағдайда, жобалау ұйымы есеп айырысады жүргізеді, оның нәтижелері бойынша су шаруашылығы құрылыштарының меншік иесі пайдаланудың жаңа режимін белгілейді.

19. Су шаруашылығы құрылыштарын қысқы кезеңде пайдаланған кезде меншік иесі ауданның климаттық және гидрометеорологиялық сипаттамалары мен су шаруашылығы құрылыштарының конструкциялық ерекшеліктерін ескере отырып, қысқы жағдайларда техникалық пайдалану жөніндегі іс-шараларды әзірлейді.

3. Су шаруашылығы құрылыштарына техникалық қызмет көрсету

20. Су шаруашылығы құрылыштарына техникалық қызмет көрсету:

- 1) белгіленген пайдалану режимін және құрылыштардың жай-күйін бақылауды қамтамасыз ететін байқауларды;
- 2) қондырғылар мен жабдықтарды жарамды жай-күйде ұстап тұру жөніндегі жұмыстарды;
- 3) жағалауды нығайту құрылыштарының беткейлерін ластанудан тазартуды, су шаруашылығы құрылыштарының су үсті бөлігінің ұсақ зақымданулары мен ақауларын жоюды;
- 4) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 145-бабына сәйкес су шаруашылығы құрылыштарында санитариялық-эпидемиологиялық талаптар нормаларын сақтау жөніндегі жұмыстарды қамтиды.

21. Тұбін тазалау жөніндегі және басқа да су асты жұмыстарды, сондай-ақ су шаруашылығы құрылыштарына қызмет көрсетуге байланысты жарылыс жұмыстарын мамандандырылған ұйымдар жүргізеді.

22. Меншік иесі су шаруашылығы құрылыштарының су асты бөлігіне зерттеп-қарау жүргізуді мамандандырылған ұйымдарды тарта отырып қамтамасыз етеді.

23. Су шаруашылығы құрылыштарын пайдалануды жүзеге асыратын меншік иесі осы құрылыштардың су үсті бөлігінде санитариялық-эпидемиологиялық талаптар нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді.

24. Меншік иесі су шаруашылығы құрылыштарының беткейлерінде ақаулар пайда болған кезде беткейлердің кескінін қалпына келтіру және оларды бекіту жөнінде шұғыл шаралар қабылдайды.

25. Су шаруашылығы құрылыштарының меншік иесі су шаруашылығы құрылыштарын тұрақты техникалық байқап-қарауды, кезеңдік техникалық байқап-қарауды, кезекті және кезектен тыс техникалық тексерулер жүргізуді және оларды пайдаланудағы режимнің сақталуын бақылауды көздейді.

26. Техникалық жай-күйі мен пайдалану режимі су шаруашылығы құрылыштарын пайдаланудың бүкіл кезеңінде су шаруашылығы құрылыштарын техникалық байқап-қарауды және зерттеп-қарауды жүзеге асыру жолымен айқындалады.

Техникалық қарау мен тексерулер:

- 1) тұрақты техникалық байқап-қарауды;
- 2) кезеңдік техникалық байқап-қарауды;
- 3) кезекті және кезектен тыс зерттеп-қарауды қамтиды.

27. Кезеңдік техникалық байқап-қарауды, сондай-ақ су шаруашылығы құрылыштарын кезекті және кезектен тыс зерттеп-қарауды жүргізу үшін меншік иесі комиссия құрады, оның құрамына меншік иесінің өкілі, жобалау ұйымының, жергілікті атқарушы органның, уәкілетті орган ведомствосының, қоршаған

ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері кіреді.

28. Тұрақты техникалық байқап-қарауды су шаруашылығы құрылышын пайдаланушы меншік иесі жүргізеді.

29. Тұрақты техникалық қарау нәтижелері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тікелей су объектілерінде орналасқан су шаруашылығы құрылыштарының жай-күйі мен оларды пайдалану режиміне техникалық байқап-қарауды жүргізу журналына түсіріледі.

Су шаруашылығы құрылыштарының жауапты қызметкері техникалық байқап-қарауды жүргізу журналын тоқсан сайын қарап отырады және су шаруашылығы құрылыштарына техникалық қызмет көрсету мен оларды ағымдағы жөндеу сапасына жалпы баға береді.

30. Су шаруашылығы құрылыштарын тұрақты техникалық байқап-қараудың кезеңділігі су шаруашылығы құрылыштарының техникалық жай-күйіне және оларды пайдалану шарттарына байланысты белгіленеді, бірақ бір тоқсанды кемінде бір рет болуы керек.

31. Кезеңдік техникалық байқап-қарау су шаруашылығы құрылыштарының жай-күйі туралы толық мәлімет береді және пайдалану бойынша жөндеу мен басқа да іс-шараларды жоспарлауға арналған деректерді қамтиды.

32. Су шаруашылығы құрылыштарын кезеңдік техникалық байқап-қарау жылына кемінде бір рет жүргізіледі. Кезеңдік техникалық байқап-қараудың нәтижелері техникалық байқап-қарау актісі түрінде ресімделеді.

Су шаруашылығы құрылыштарына кезеңдік техникалық байқап-қарауды жүргізу жөніндегі материалдарды меншік иесінің пайдалану қызметінің қызметкерлері жинақтайды және сақтайды.

33. Су шаруашылығы құрылыштарын кезекті зерттеп-қарау құрылыштардың жай-күйіне және оларды пайдалану шарттарына байланысты жүргізіледі.

34. Су шаруашылығы құрылыштарының техникалық жай-күйін жалпы бағалау және оларды жөндеу немесе қайта жайластыру жөніндегі ұсынымдарды қамтитын кезекті зерттеп-қараудың негізгі нәтижелері зерттеп-қарау туралы актімен ресімделеді.

35. Су шаруашылығы құрылыштарын кезектен тыс зерттеп-қарау оларды қалыпты пайдалану шарттары бұзылған жағдайда немесе олар апатты болғанда, сондай-ақ ығысуы, деформациясы немесе зақымдануы анықталған жағдайда жүргізіледі.

36. Кезектен тыс зерттеп-қараудың нәтижелері бойынша зерттеп-қарау (зерттеулер) актілері негізінде комиссия анықтаған бұзушылықтарды жою жөнінде жөндеу жұмыстарының тізбесін жасайды, олар жөндеу жұмыстарының жоспарына енгізіледі.

37. Су шаруашылығы құрылыштарын және жабдығын жөндеу (ағымдағы, күрделі) тұрақты, кезеңдік техникалық зерттеп-қараудың, кезекті және кезектен тыс зерттеп-қараудың нәтижелері бойынша жоспарланады.

38. Су шаруашылығы құрылыштарын күрделі жөндеуді және реконструкциялауды Заңның 65-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында сәулет, қала құрылышы және (немесе) құрылыш қызметінің тиісті түрлерін жүзеге асыруға лицензиясы бар жеке және заңды тұлғалар орындайды.

Тікелей су обьектілерінде
орналасқан су шаруашылығы
құрылыштарын пайдалану
көзделік
жөніндегі техникалық құжаттаманың
қағидаларына 1-косымша

**Тікелей су обьектілерінде орналасқан су шаруашылығы
құрылыштарын пайдалану жөніндегі техникалық құжаттаманың
тізбесі**

№	Құжаттаманың атауы	Құжаттаманы жүргізетін лауазымды тұлғалар	Құжаттаманы сақтау орны	Ескертпе
1	2	3	4	5
1	Су шаруашылығы құрылыштарының жай-күйін және оларды пайдалану режимін техникалық байқап-қараудың журналы	меншік иесі	меншік иесі	толтырылған журналдар техникалық мұрагатта сақталуы тиіс
2	Су шаруашылығы құрылыштарын кезеңдік техникалық байқап-қарауды жөніндегі актілер мен есептер	кезеңдік байқап-қарауды жүргізу жөніндегі комиссия және меншік иесі	меншік иесі	кезеңдік байқап-қарауды жүргізу жөніндегі материалдар есепке жинақталады
3	Су шаруашылығы құрылыштарын кезекті байқап-қарауды туралы акт	кезекті зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі комиссия және меншік иесі	меншік иесі	
4	Су шаруашылығы құрылыштарын кезектен тыс зерттеп-қарауды туралы акті	кезектен тыс зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі комиссия және меншік иесі	меншік иесі	
5	Су шаруашылығы құрылыштарын күрделі жөндеу жөніндегі	құрылыштарды күрделі жөндеуден	меншік иесі	

жұмыстарды
қабылдау-тапсыру
актілері

қабылдап алу
жөніндегі комиссия

Тікелей су объектілерінде
орналасқан су шаруашылығы
құрылыштарының жай-күйін және оларды пайдалану режимін
техникалық байқап-қарау журналы

нысан

**Тікелей су объектілерінде орналасқан су шаруашылығы
құрылыштарының жай-күйін және оларды пайдалану режимін
техникалық байқап-қарау журналы**

су шаруашылығы құрылышы

Су шаруашылығы құрылыштарының жай-күйін және оларды пайдалану
режимін техникалық байқап-қарау журналы №_____

су шаруашылығы құрылышын пайдаланушы меншік иесі

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және қолы

журналды жүргізуші қызметкердің лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты
(болған жағдайда) және қолы

Журналды жүргізудің басталған немесе жалғастырылған күні

Басталуы: _____

Жалғастырылуы: _____

Тұрақты техникалық қараулар		Анықталған ақауларды жою жөніндегі іс-шаралар	
Күні, саны, айы, жылы	Байқап-қараудың нәтижелері және анықталған ақауларды жою жөнінде белгіленген іс-шаралар	Күні, айы, жылы	Орындалған жұмыстар туралы мәліметтер
1	2	3	4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК